

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«05» наурыз 2025ж.

«Университетте жастар саясатын іске асыру нәтижелері және дамыту перспективалары туралы» ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- университеттің жастар саясатына студенттердің қанағаттану деңгейі 95,8%-ды құрады;

- ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған студенттердің үлесі 57,7% (2728 адам), бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 200 адамға артық;

- студенттік ұйымдар мен студенттік клубтардың қызметіне тартылған студенттердің жалпы санының үлесі 51% (2407 адам), бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 4%-ға жоғары;

- спорт пен дене шынықтырумен қамтылған студенттердің үлесі 77% (3706 адам), бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 3,5%-ға жоғары;

- 2024 жылы студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуға тартылған студенттердің үлесі 20%-ды құрады.

«Университетте жастар саясатын іске асыру нәтижелері және дамыту перспективалары туралы» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Синтетикалық есірткілердің таралуы, лудомания, буллингтің және т.б. студент-жастар проблемаларының алдын алу, қаржылық және діни сауаттылық қалыптастыру бойынша ақпараттық-ағартушылық жұмыс күшейтілсін, барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларда осы бағыттағы медиа материалдар орналастырылсын (**жауаптылар:** Факультет декандары, университеттің медициналық қызметі, әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлім, жастар саясаты бөлімі, байланыс және имидждік саясат орталығы; **орындалу мерзімі:** 01.06.2025ж.).

2. Барлық оқу ғимаратында студенттердің бос уақытын тиімді өткізуге арналған коворкинг аймақтар мен демалыс орындары ұйымдастырылсын (**жауаптылар:** Инфрақұрылымды дамыту департаменті, жастар саясаты бөлімі, байланыс және имидждік саясат орталығы; **орындалу мерзімі:** 01.09.2025ж.).

3. 2025-2026 оқу жылынан бастап студенттер үшін кеңейтілген әлеуметтік пакет және әлеуметтік интегралдық GPA енгізу мүмкіндігі қарастырылсын (**жауаптылар:** Академиялық мәселелер жөніндегі департамент, әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлім, жастар саясаты бөлімі; **орындалу мерзімі:** 01.09.2025ж.).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Б.А. Сериевке жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы

Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шукенай



«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-та
интернационализация стратегиясының іске асырылуы» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«05» наурыз 2025ж.

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-та интернационализация стратегиясының іске асырылуы» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-тың 2021-2025 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы 2022 жылы қабылданған. Университет шетелдік университеттер және ғылыми орталықтармен 77 келісімге қол қойған. 2024-2025 оқу жылында ағылшын тілінде білім беретін бағдарламалар саны – 8. 2024 жылдан бастап білім алушыларды АКТ бойынша даярлау деңгейін дамыту мақсатында HUAWEI АКТ Академиясы жұмыс істейді.

2024-2025 оқу жылында Италияның Марке политехникалық университетінің филиалы ашылды. Университетте 14 шетелдік студент білім алуда. Шетелдік университеттермен 6 қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламалары әзірленген.

Ағымдағы оқу жылында республикалық бюджет қаражаты есебінен университетке 10 шетелдік ғалым, университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен – 11, ПОҚ алмасуы бойынша 4 шетелдік ғалым тартылды. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы бағдарламасы аясында республикалық бюджет есебінен 10, университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен 11 студент шетелдік жоғары оқу орындарына оқуға жіберілді.

2024 жылы Еуропалық комиссияның HORIZON бағдарламасы қаржыландыратын 2 халықаралық ғылыми жоба жүзеге асырылды, 16 ғалым шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-та интернационализация стратегиясының іске асырылуы» мәселесі бойынша **Ғылыми Кеңес шешімі:**

1. «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-тың 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы мен Даму жоспарын ескере отырып, Интернационалдандыру стратегиясы өзектендіріліп, қайта бекітілсін (**жауапты:** Халықаралық ынтымақтастық орталығы; **орындалу мерзімі:** 31.03.2025ж.);

2. Білім беру бағдарламаларын, білім алушылар мен ПОҚ контингентін интернационалдандыру, ағылшын тіліндегі және қосдипломды білім беру бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз ету және филиалдың жұмысын дамыту мақсатында білім алушылар мен оқытушылардың тілдік даярлығы жетілдірілсін (**жауаптылар:** факультет декандары, құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025ж.);

3. Халықаралық ынтымақтастық географиясын кеңейту мақсатында Азияның кемінде 3 университетімен келісім жасалсын, келісім жасалған университеттердің кем дегенде 80%-мен бірлескен жұмыстар жүргізілсін (**жауаптылар:** халықаралық ынтымақтастық орталығы, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025ж.);

4. Қосдипломды білім беру бағдарламалары мен Марке политехникалық университеті филиалына кәсіптік бағдар беру жұмыстары күшейтілсін: жыл сайын білім алушыларды қабылдау қамтамасыз етілсін, филиал аясындағы білім беру бағдарламаларының саны арттырылсын (**жауаптылар:** халықаралық ынтымақтастық орталығы, мансап және жұмысқа орналастыру орталығы, білім беру бағдарламаларының жобалық офисі, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025ж.);

5. Шетелдік студенттерді тарту бойынша маркетингтік стратегия күшейтілсін: университеттің халықаралық білім беру көрмелеріне қатысу, шетелдік агенттіктермен байланыс орнату жұмыстары жетілдірілсін (**жауаптылар:** халықаралық ынтымақтастық орталығы, байланыс және имидждік саясат орталығы, мансап және жұмысқа орналастыру орталығы, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025ж.).

6. «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына әр факультеттен кемінде 2 оқытушы қатыссын (**жауаптылар:** халықаралық ынтымақтастық орталығы, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 01.11.2025ж.).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор А. Бахтауловаға жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шүкенай

«Университеттің цифрлық трансформациясы бойынша атқарылған жұмыс
нәтижелері және дамыту бағыттары» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«05» наурыз 2025 ж.

«Университеттің цифрлық трансформациясы бойынша атқарылған жұмыс нәтижелері және дамыту бағыттары» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Университеттің цифрлық трансформациясын дамыту «Цифрлық экожүйені құру» тұжырымдамасына сәйкес төрт бағыт бойынша жүзеге асыруда: талапкерлерге, білімгерлерге, түлектерге, оқытушыларға және университет қызметкерлеріне арналған цифрлық қызметтер мен контентті дамыту; цифрлық экожүйеде жұмыс істей алатын бизнес-процестерді дамыту және қалыптастыру; университеттің IT-инфрақұрылымын дамыту. пайдаланушылардың IT-құзыреттіліктерін арттыру.

«Smart Zhetysu» цифрлық платформасының автоматтандырылуы мен айналмалы жүйеге келтірілуінің динамикасы өткен оқу жылымен салыстырғанда 99%-ды құрайды.

Университеттің стейкхолдерлеріне қойылған міндеттерге сәйкес, «Smart Zhetysu» цифрлық платформасының келесі модульдері жасалды: шетелдік талапкерлерге өтініш беру; емтихан кестесі; үздіксіз білім беру институтының сабақ кестесі; үздіксіз білім беру институтының оқу үдерісі кестесі; Ректор блогы; жатақхана меңгерушісі және т.б.

Модернизацияланған модульдер: білімгердің жеке кабинеті; білімгер / қызметкердің жеке кабинеті; кітапхана; медициналық пункт; құжат айналымы; қабылдау комиссиясы; білімгерлерге қызмет көрсету орталығы; кадр саясатын басқару бөлімі; университеттің сайты; жатақхана және т.б.

«Университеттің цифрлық трансформациясы бойынша атқарылған жұмыс нәтижелері және дамыту бағыттары» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. «Smart Zhetysu» цифрлық платформасы Бірыңғай интернетке қол жеткізу шлюзіне қосылсын (**жауаптылар:** Басқарма мүшесі – қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор, Ақпараттық қауіпсіздік, техникалық қызмет көрсету және желілерді басқару бөлімі; **орындалу мерзімі:** 31.05.2025ж.).

2. ChatGPT тілдік моделіне қосылу қызметі сатып алынсын (**жауаптылар:** Басқарма мүшесі – қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор, Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі; **орындалу мерзімі:** 31.05.2025ж.).

3. Жасанды интеллект агенттерін жасауға мүмкіндік беретін қуатты компьютерлер сатып алынсын (**жауаптылар:** Басқарма мүшесі – қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор; **орындалу мерзімі:** 31.05.2025ж.).

6. Университет бойынша ішкі құжат айналымы электрондық құжат айналымға көшірілсін (**жауапты:** Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі; **орындалу мерзімі:** 01.05.2025ж.).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор Х. Амиржановқа жүктеледі.

Ғалым хатшы



Е.Бурибаев

Г.Шукенай

«Дене шынықтыру және өнер факультетінің есебі» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«04» наурыз 2025 ж.

«Дене шынықтыру және өнер факультетінің есебі» тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Дене шынықтыру және өнер факультетінде 2024-2025 оқу жылында «Дене шынықтыру және спорт», «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру», «Дизайн», «Музыкалық білім», «Көркем еңбек, графика және жобалау» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярланады. Факультет бойынша 1057 білімгер білім алуда. Соның ішінде ақылы негізде 762 білімгер, 255 ҚР ҒЖЖБМ гранты негізінде, 31 ЖАО гранты негізінде, 8 «Қазақстан халқына» қорының гранты негізінде, 1 стипендиялық бағдарлама негізінде және 17 магистрант оқиды.

Факультет кафедраларының сандық және сапалық құрамы: дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасы бойынша ғылым кандидаты – 4, PhD – 1, ғылым магистрі – 9; шығармашылық білім беру кафедрасы бойынша ғылым кандидаты – 4, PhD – 1, ғылым магистрі – 4.

2023-2024 оқу жылында бакалавр 204 түлектің 27 мемлекеттік білім гранты негізінде, 52 ЖАО гранты негізінде, 2 «Қазақстан халқына» қорының гранты негізінде, ал 123 білімгер ақылы негізде білім алған. Осы 204 түлектің 144-і (66%) жұмысқа орналасты, 8 түлек магистратурада білімдерін жалғастыруда, 2 түлек 3-жасқа дейінгі бала күтімінде. Жалпы жұмысқа орналасқандар үлесі 71%. Магистратура бойынша 15 түлектің 2 мемлекеттік білім гранты негізінде, ал 13 магистрант ақылы негізінде білім алған. Осы 15 түлектің 12-сі жұмысқа орналасты, 3 түлек жұмыссыз. Жалпы жұмысқа орналасқандар үлесі – 80%.

Факультеттің оқу-әдістемелік кешендері жаңартылған. Барлық білім беру бағдарламалары оқу әдебиеттерімен 100% қамтамасыз етілген.

Факультет бойынша сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық жүзеге асырылуда. 2024–2025 оқу жылында сыртқы академиялық ұтқырлық аясында шетелдік оқытушылар дәріс және практикалық сабақ өткізді: А.И. Федоров, п.ғ.к., доцент («Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті», Ресей Федерациясы); Орозобоев А.К., доцент (Қасым Тыныстанов атындағы Ыстықкөл мемлекеттік университеті, Қырғызстан); Ochilov Farkhod Egamberievich, т.ғ.к., доцент (Каршин мемлекеттік университеті, Өзбекстан); Шайхулов Р.Н., п.ғ.к., доцент (Нижевартов мемлекеттік университеті, Ресей Федерациясы). Ішкі академиялық ұтқырлық бойынша Шәкәрім университетінен п.ғ.к. Мырзаханов Мадвакас Сексенбайұлы дәріс оқыды.

Факультет оқытушылары Адамкулов Н.М., п.ғ.к., қауымд.профессор – Каршин мемлекеттік университетінің (Өзбекстан) өнертану факультетінде; Ахметов Б.Б., ҚР Суретшілер одағының мүшесі – Нижевартов мемлекеттік университетінің Өнер және дизайн факультетінде және Қасым Тыныстанов

атындағы Ыстыккөл мемлекеттік университетінде (Қырғызстан) сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша (шығыс) онлайн сабақ өткізді.

6B01402 – «Дене шынықтыру және спорт» ББ ДШҚ 314 топ студенті Туғамбай А.Б. 2024–2025 оқу жылының 1-семестрінде Алматы қаласының Спорт және туризм академиясында білім алды.

«Дене шынықтыру және өнер факультетінің есебі» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Талапкерлер санын арттыру бойынша іс-шаралар өткізілсін: «Мансап және жұмысқа орналастыру» орталығымен бірлесіп қала, облыс мектептері мен колледждерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстары жалғастырылсын (**жауаптылар:** факультет деканы, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 15.06.2025ж.).

2. Факультет қызметінің ғылыми саласы дамытылсын: халықаралық рецензияланатын журналдарда мақала жариялау саны арттырылсын (**жауаптылар:** факультет деканы, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025ж.).

3. Факультет студенттерінің академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуын арттыру бойынша жұмыс жүргізілсін (**жауаптылар:** факультет деканы, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 30.06.2025ж.).

4. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жетілдірілсін, халықаралық және республикалық деңгейлердегі жүлделі орындардың үлесі арттырылсын (**жауаптылар:** факультет деканы, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 30.06.2025ж.).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау дене шынықтыру және өнер факультетінің деканы Е.Утегеновке жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шүкенай